

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы АНЫҚТАМА**

2023 жылдың 1 қаңтарына «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі құрамында 1211 кәсіподақ мүшесін біріктіреді.

Жергілікті кәсіподақ өз жұмысында салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Кәсіподақ комитетінің жыл сайынғы жұмыс жоспарын жасау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар ерекше көзделеді. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан басқарма төрағасы – ректор Дархан Нұрланұлы Билялов пен қызметкерлер атынан «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестік төрағасы Мұхтар Ботабаевич Ибрайымовтың арасында жасалған ұжымдық шартта еңбек қауіпсіздігі саласындағы тараптардың негізгі міндеттері көрсетілген.

Ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөлімінде еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және заңнама талаптарын сақтау бойынша барлық шарттар жазылған:

1. Жұмыс берушінің және (немесе) кәсіподақтың не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына паритеттік негізде жұмыс берушінің өкілдері, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, кәсіподақ өкілдері кіреді.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс беруші мен кәсіподақтың бірлескен шешімімен бекітіледі.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті кеңес мүшелері жұмыс беруші мен кәсіподақ өкілдерінің арасынан ротациялық негізде екі жыл мерзімділікпен сайлайтын төраға басқарады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімдері жұмыс беруші мен қоғам қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмыс беруші мен Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыс

орындарында еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауына тексеру жүргізуін ұйымдастырады.

5. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы Ережемен айқындалады.

6. Жұмыс беруші өз өкілеттігі шегінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша актілер шығаруға және қызметкерлерден қауіпсіздік нормаларының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтардың сақталуын талап етуге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзатын қызметкерлерді жұмыстан шеттетуге және тәртіптік жауаптылыққа тартуға құқылы.

### **7. Жұмыс беруші:**

1) қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді және қоғамдағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады;

2) қағидалар мен нормативтердің талаптарына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қызметкерлерді оқытуды жүргізеді;

3) өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді қамтамасыз етеді;

4) Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды тіркеуді, есепке алуды және талдауды жүзеге асырады;

5) қызметкерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасайды, оларды профилактикалық өңдеу құралдарымен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен қамтамасыз етеді;

6) нұсқаулық жүргізеді, өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етеді;

7) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен қағидаларға сәйкес басшылар мен мамандардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеруді жүргізеді;

8) белгіленген тәртіппен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруден өтпеген тұлғаларды жұмысқа жібермейді;

9) авариялық жағдайдың дамуын және травматикалық факторлардың басқа адамдарға әсерін болғызбау жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды;

10) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

### **8. Жергілікті кәсіподақ:**

1) Қоғам қызметкерлерінің денсаулығын қорғау, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның жағдайларын жақсарту мәселелері бойынша жұмыс берушімен тығыз өзара іс-қимыл жасайды;

2) жұмыс берушімен бірлесіп еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге қатысады;

4) Еңбекті қорғаудың жай-күйіне, оны жақсарту және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тексеру жүргізеді;

5) анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде жұмыс берушіге ұсыныстар енгізеді және оларды жоюға қол жеткізеді;

6) қызметкерлердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төнген жағдайда жұмыстарды тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізеді және қауіп жойылғанға дейін оларды тоқтата тұруға қол жеткізеді.

9. Тараптар өндірістегі әрбір жазатайым оқиға бойынша жұмыс беруші жарақаттардың себептерін тергеу бойынша арнайы комиссия құратынына уағдаласты.

10. Жұмыс беруші мен кәсіподақ жұмыс берушінің қызметкерлердің денсаулығына келтірілген зиян, мертігу, кәсіптік ауру немесе олардың еңбек міндеттерін атқаруына байланысты денсаулығына өзге де зиян келтіргені үшін материалдық жауаптылықта болатынын негізге алады.

11. Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 181-бабына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері болады.

12. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 22-бабының 2-тармағына сәйкес қызметкер еңбек және ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес өзіне жүктелген Еңбек міндеттерін орындауға, еңбек тәртібін сақтауға, жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға, жұмыс берушінің және басқалардың мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті, жұмыс берушіге адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туындағаны туралы хабарлау, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етпеу, Еңбек міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған жұмыс берушіге келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында және қоғамның нормативтік құжаттарында белгіленген шектерде өтеуге міндетті.

13. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімінің басшысы мен мамандары (бұдан әрі – «ЕҚ және ҚТ») жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өртке қарсы, Техникалық қауіпсіздік жағдайларын жасауға бағытталған қажетті шараларды ұйымдастыруға және әзірлеуге, қызметкерлерді оқытуға және оларға нұсқау беруге тікелей жауапты болады.

14. Жұмыс беруші қызметкерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін, қоғамның мүлкіне залал келтіргені үшін тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартады.

15. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзатын қызметкерлерді жұмыстан шеттетуге құқығы бар.

16. Жазатайым оқиға болған кезде ЕҚ және ҚТ қызметкерлері зардап шеккен қызметкерге алғашқы шұғыл медициналық көмек көрсету үшін жағдай

жасауға, зардап шеккен адамның бірінші басшысына және жақын туыстарына дереу мәлімет беруге міндетті.

17. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі тексеруді жүргізу, өндірістік тәуекел дәрежесін мониторингілеу және бағалау саласында ЕҚ және ҚТ бөлімі қызметкерлерінің тиісті өкілеттіктері мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтармен, еңбек шарттарымен, жұмыс берушінің тиісті актілерімен айқындалады және қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен қамтамасыз етіледі.

18. Медициналық қорытындыға (ұсынымға) сәйкес қызметкердің еңбек ету қабілетінен айырылуына әкеп соққан еңбек қызметіне байланысты әрбір жазатайым оқиға жазатайым оқиға туралы акт жасау жолымен тергеуге жатады.

19. Жазатайым оқиға туралы актіге комиссияның барлық мүшелері, ЕҚ және ҚТ бөлімінің басшысы, кәсіподақ өкілі қол қояды, жұмыс берушінің өкілі (проректор) бекітеді және Қоғамның мөрімен куәландырылады.

20. Акт Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1055 бұйрығы негізінде тергеу материалдарына сәйкес ресімделуге тиіс.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің 2023 жылдың 27 наурызындағы №4 (шығыс №01-09/144) табылған бұзушылықтар туралы актке сәйкес, жергілікті кәсіподақпен төмендегі жұмыстар жасалды:

1). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 «Ауыр жұмыстардың еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 46-бөлімінің 228 тармағына сәйкес, сырттағы (көпшілік) әжетханалар мен санитарлық тораптарды жинаумен айналысатын қызметтік үй-жайларды жинаушыларға қосымша еңбек демалысы 6 (алты) күнтізбелік күн көлемінде беріледі.

Осыған орай, қоғамдық бірлестікпен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының аясында қосымша келісімдер жасау бойынша нақты шаралар қабылданды.

2). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығының 43-бөлімінің 386-тарауының 162, 163 тармақтарына сәйкес денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінің орта және кіші медициналық қызметшілеріне қосымша еңбек демалысы 12 (он екі) күнтізбелік күн көлемінде беріледі.

Қазіргі таңда коммерциялық емес акционерлік қоғамы нысанындағы ұлттық жоғарғы оқу орнында терапевт және медбике лауазымдары қарастырылған. 2022-2023 оқу жылы үшін қызметкерлерге 12 күнтізбелік күн көлемінде қосымша еңбек демалысын беру бойынша жұмыстар жүргізілді.

3). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 бұйрығымен бекітілген орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларының 13 тармағы негізінде еңбек заңнамаларының талаптарына сәйкес, қызметкерлерге еңбек демалысын төлеу орташа жалақыны есептеу арттыру коэффициентін ескере отырып жүргізілуде.

**Жергілікті кәсіподақ төрағасы**

**М.Б.Ибраймов**